

Бекітемін
«А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан
облыстық кітапханасы» КММ директоры
Тлеубекова Н.Е.
«14» қаңтар 2025 жыл



Ақын, Қазақстанның Құрметті журналисі, Өскемен қаласының Құрметті азаматы Серік Ғабдуллиннің шығармашылығына арналған «Ғабдуллин оқулары – 2025» облыстық байқауын өткізу туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ақпарат:

«Ғабдуллин оқулары-2025» облыстық байқауы (бұдан әрі – Байқау) – ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Серік Ғабдуллиннің шығармашылығын кеңінен насихаттау мақсатында өткізіледі.

2. Мақсаты мен міндеті:

- 2.1. Жерлес қаламгерлердің, соның ішінде Серік Ғабдуллиннің шығармашылық мұрасын сақтау, зерттеу және насихаттау.
- 2.2. Жастардың кітап пен оқуға деген қызығушылығын қолдау және ынталандыру.
- 2.3. Оқушылар мен жастардың әдеби шығармашылығын дамыту.
- 2.4. Тіл мәдениетін жетілдіру.

3. Байқауды ұйымдастырушылар, қатысушылар және өткізілетін күні:

- 3.1. Байқауды ұйымдастырушы – Шығыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасының «А.С.Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ.
- 3.2. Байқауға мектеп оқушылары (5-11 сыныптар), орта арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттері қатыса алады.
- 3.3. Байқауға қатысуға өтініштер және шығармашылық жұмыстар 2025 жылдың 10 қаңтар - 10 ақпан аралығында қабылданады.
- 3.4. Байқау 2025 жылдың 19 ақпан күні сағат 14.00-де А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасында өтеді. Мекенжайы: Өскемен қ., Қазақстан көшесі, 102.

4. Байқаудың шарттары мен тәртібі:

- 4.1. Ғабдуллин оқулары мемлекеттік тілде келесі екі бағыт бойынша өтеді:
 - С. Ғабдуллинге арналған арнау өлеңдер;
 - С. Ғабдуллиннің өлеңдерін мәнерлеп оқу.
- 4.2. Арнау өлеңнің ұйқасы, көркемдік ерекшелігі, тақырыптың ашылуы;

- мәнерлеп оқу дағдылары, сөйлеу шеберлігі (дауыс динамикасы, әуені, қарқыны мен ырғағы, эмоционалдығы) ескеріледі.

4.3. Ақын өлеңдерін жатқа оқу уақыты 3-5 минуттан аспауы керек;

- Фонограммаларды пайдалануға тыйым салынады;
- Үміткерлер ақынның 2-3 өлеңін жатқа оқулары шарт;
- Оқу мәнері мен анықтығы;
- Шығармашылық ізденіс;
- Киім үлгісі, сахна мәдениеті ескеріледі.

5. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар:

5.1. Арнау өлеңнің немесе жатқа оқуға арналған өлеңнің мәтіні А4 форматындағы бір парақтан аспауы керек;

5.2. Мәтін Microsoft Word түрінде, Times New Roman шрифтіңде, қаріп өлшемі 14, жоларалық интервал бір жарым болуы қажет.

6. Байқаудың өту мерзімі, қорытындысы:

6.1. Қатысушылар өтінімдері мен шығармашылық жұмыстарын barshin@mail.ru электрондық поштасына «Ғабдуллин оқулары-2025» белгісімен жіберу қажет. Өтініштер осы Ереженің 1-Қосымшасына сәйкес қабылданады.

6.2. Байқау жеңімпаздары әділқазылар шешімімен анықталып, марапатталады.

6.3. Байқау нәтижелері А.С. Пушкин атындағы кітапхананың <https://www.pushkinlibrary.kz> сайтында және Facebook әлеуметтік желісіндегі кітапхананың <https://www.facebook.com/groups/pushkinlibrary.kz> парақшасында жарияланады.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: 070019, Өскемен қ., Қазақстан көшесі, 102, А.С.Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы.

тел.: 8 (7232) 261-333, факс: 8 (7232) 60-90-87

e-mail: barshin@mail.ru

Үйлестіруші: Абылгазинова Гүлбаршын, тел: 8 705 624 1725

Таңарықова Нұрділдә, тел: 7 705 148 9214

«Ғабдуллин оқулары – 2025» облыстық байқауына қатысуға өтініш

Қатысушының аты-жөні _____

Оқу орны _____

Туған жылы/толық жасы _____

Байланыс телефоны _____

Жетекшісінің аты-жөні _____

Шығарманың атауы және жұмыс ұсынылатын номинация (Арнау өлең (өз шығармасы) немесе С. Ғабдуллиннің өлеңін жатқа оқу):

Жұмысты көрсетуге қажетті құрал-жабдықтар (проектор, микрофон, орындық және т.б.):
